



ҚАЗАҚ

АНДЫМЕТІ

Біз де бір дүбір салғанбыз

«Қазақ әдебиеті» газетінде жүріп, қоғам қалыпқа салған тәртіптің адамы болу мүмкін емес. Ал енді бұл газетті қалыпқа салам дегендер қандай обал жасағанын өздері білетін шығар. Бірақ бас редакторлар аудысқан сайын газет қайта қалпына келіп отырды. Өз кезімізде біз де намысты қолдан берген жоқпыз. Қазіргі жүрттың айтып жүргеніне қарағанда, жаман газет шығармаған сияқтымыз.



Бас редактор болмай тұрып та осы газеттің жолында басымыз кетіп қала жаздаған. «Қайрат» қай республиканың командасты?» деген сын мақала жазам деп, жаңымды Шерағаң алғып қалған. Тоқтар Әубәкіров туралы «Батыр қазақ» деген мақала жазғаным үшін, орталық комитетке түсініктеме жазғам. Сондағы таққан айыбы «бар қазақты батыр деп отырсың» деген жала еді. Тағы бір есімде қалғаны, Тәуелсіздік декларациясы жарияланған күні жазған «Ендігі қауіп орыстың өз ішінен» деген мақалам болатын. Сол мақала үшін менің орныма, орталық комитетке бас редактор Оралхан Бекей жауап берген. Бұл бас редактор болғанға дейінгі жағдай, ал бас редактор болғаннан кейінгі жағдайды содан-ақ бағамдай беріңіз.

Газетте бір күндік тақырыптар болады. Сондай тақырыптарды қаузап, өгіз аяңмен жүре берсең де ешкім ештеңе демейді. «Қобыланды келеді сайменен» деген сияқты материалдарға оқырман да үйреніп алады. Бірақ біз оған жіберген жоқпыз.

Шерхан Мұртазаның «Әр нәрсенің де обал-сауабы болады» деген сөзі бар еді. Түсінген адамға, бұл – сол үлттың аманатын арқалаған газет. Сонымен бірге, әдебиетке ғана емес, өнерге де жауапты жалғыз басылым. Сондықтан біздің көтерген тақырыптарымыз әдебиеттің ғана емес, өнердің де ауласын шаңдатып жатты.

Менің кезімде газетте айтыс-тартыс көп болды. Бір үлкен жазушы мақала жазып келеді, екінші бір жазушы соған қарсы мақала әкеледі. Екеуін де беру керек, өйткені «Қазақ әдебиеті» – тыныш қана жүре

алмайтындардың бәріне ортақ газет.

Содан «Қарсы мақала» деген айдар ашуға тура келді. Бір күні Алматы қаласы басшысының идеология жөніндегі орынбасары Фалым Боқаш телефон соғады. «Аға, анау «Қарсы мақала» деген айдарыңыз жын шақырып тұрады екен. Соны өзгертсөніз болмай ма?» – дейді. Мен: «Фалым-ау, сенің бізге тілекші екеніңді білем. Бірақ бұл айдарды өзгертуге болмайды», – дедім. Себебі қаптың аузы сөгіліп, шындық айтылуы керек. Егер пікірталас болмаса, қарсы мақала жазылmasa, шындыққа қалай көзіміз жетеді?

Содан опалаң-топалаң басталды да кетті. Сөйтсем, қаламдастарымыздың көбі шындықты айтып алғып, өздері шыдамайды екен. Кешегі Мұхтар Мағауиннің елді шулатып жүргені бір-ақ сұхбат қой. Біздің кезімізде ондай мақалалар апта сайын шығып тұратын. Мәселен, «Абылай хан жат планеталықтармен қалай соғысты?», «Ғасыр халтурщигі кім?», «Ясауи кесенесінің ішінде түріктің тракторлары не істеп жүр?», «Шыңғыс хан Отырарды күйретуші ме, құтқарушы ма?», тағы да басқа толып жатыр. Мұхтар Мағауин мен Мұхтар Шахановтың дауы сол кезде басталды. Бірақ біз «Сіз қарсы мақала жазыңыз» деп ешкімнің алдына барғамыз жоқ.

Меніңше, мұнда тұрған ештеңе жоқ. Тек ұлттық мәселе айтылғанда, өз атына қабылдап қалғандар бар. Эйтпесе, Шыңғыс ханнан бастап, бәрі де керек тақырып. Әлем қызыққан тақырыптан біз неге айналып өтуіміз керек?

Әрине, әдебиет, мәдениет, өнер тақырыптарын жазу тікелей міндетіміз болды. Мысалы, Талаптан Ахметжанды тұсаукесер сайын театрға жүмсайтын едік. «Мықты біреуді шақыр, қасына отыр, эмоциясын біл, пікірі өзгеріп кетпей тұрғанда жазып ал» дейтінбіз. Музыка, сурет өнері де шет қалмасын дейтін едік. Бәрін біз істедік деуден аулақпын, бірақ шама жеткенше осының бәрін жаздық. Оқырмандардың сол кезді сағынатынын байқаймын. Сол кезді біз өзіміз де сағынамыз.

Жұсіпбек ҚОРҒАСБЕК